

# Қосымша білім және тәрбие

Тел.: 8 (7172) 64-27-31, e-mail: k.jurnal@mail.ru



Редакцияның мекен-жайы:

Нұр-Сұлтан қаласы, Кенесары к-сі, 40, «7 континент» БО, 15-қабат.

Тел.: 8 (7172) 64-27-31, e-mail: k.jurnal@mail.ru

Журнал ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің есебіне қойылған.

2009 жылғы 20 ақпандағы № 9909-Ж есепке қою туралы куәлік. Жазылу индексі – 75289.

БҒМ РҚББОӨ

РУМЦДО МОН РК

## Педагогикалық тәжірибе Педагогический опыт

«Хакім Абайдың 175 жылдығы, Абайдың көркем аудармалары» Тазабекова З.М.....	2
«Қобызшылар ансамблін ұйымдастыру тәжірибем» Естиярова С.Т.....	4
«Табиғат көрінісі» Бектұрсынов Қ.Қ.....	6
«Тор жорға» Абай. Ноталық мәтінді талдау Қошқарова С.Ә.....	10

## Әдістемелік жұмыс Методическая работа

«Ата-баба дәстүрін ардақтайық!» атты оқушылар арасында ұйымдастырылған ашық тәрбиелік шара Елтезерова Н.Қ. ....	14
Домбыра және қазақ өнері Қошербаева Г.О.....	20
«Киіз басудың жаңа технологиясы» (жүнмен суретті бейнелеу). Темиралиева Н.М.....	22
Оқушыларды өнерге баулу негізі ретінде қосымша білім беруде тиімді жолдары Утебаева Т.Қ.....	26



**Меншік иесі** – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (Нұр-Сұлтан қаласы)

### Редакциялық кеңес:

**Шер Р.П.**, редакциялық кеңестің төрағасы, ҚР БҒМ РҚББОӨО директоры, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кеңесшісі.

**Іргебай Е.І.**, Нұр-Сұлтан қаласы Оқушылар сарайының директоры.

**Гончаров А.С.**, «Қалалық техникалық шығармашылық орталығы» ММ қосымша білім беру педагогі, «Радио және робот техникасы» үйірмесінің жетекшісі.

**Алтынбекова Ш.Д.**, Қарағанды қаласы «Балалар мен жасөспірімдер сарайы» КМҚК директоры.

**Мажитов М.К.**, Қарағанды қаласы ЮНЕСКО Клубы №2 Өнер мектебінің директоры.

**Ерубаета А.Ж.**, Павлодар қаласы, М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайының директоры.

**Оразова Т.Б.**, ЮНЕСКО клубы Балалар көркемсурет мектебінің директоры, Шымкент қаласы.

**Умурзаков А.Г.**, Ақмола облысының балалар-жасөспірімдер туризмі, өлкетану және экология облыстық орталығының директоры.  
**Сенгалиев О.Т.**, Ақтөбе қаласы Жас натуралистер станциясының директоры.

### Шығарумен жұмыс жасағандар:

Бас редактор – Дауешова С.М.

Жауапты редактор – Салбенбекова С.Д.

Мәтінді терген – Хұрмет К.Х.

**Редакцияның мекен-жайы:** Астана қаласы, Кеңесары к-сі, 40, «7 континент» БО, 15-қабат. Тел.: 8 (7172) 64-27-31, e-mail: k.jurnal@mail.ru

**Журнал ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің есебіне қойылған.**

2009 жылғы 20 ақпандағы № 9909-Ж есепке қою туралы күзлік.

**Жазылу индексі** – 75289.

**Басылымның кезеңділігі** – жылына 4 рет.

Редакция материалдардағы ақпарат үшін жауап бермейді. Редакцияның пікірі автордың пікірімен әрдайым сәйкес келмейді. Қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Редакция мақалаларды, әдістемелік әзірлемелерді қысқартуға, редакциялауға және қажет болса, әдеби түзетулер жасауға құқылы. Респонденттердің материалдары қайтарылмайды және рецензияланбайды. Редакция хат алмаспайды.



## ХАКІМ АБАЙДЫҢ 175 ЖЫЛДЫҒЫ, АБАЙДЫҢ КӨРКЕМ АУДАРМАЛАРЫ

**Закира Медетбековна Тазабекова,**  
«Абыл Таракұлы атындағы балалар  
өнер мектебі», көркем сурет бөлімінің  
мұғалімі. Маңғыстау облысы, Ақтау  
қаласы.



Мақсаты: Көркем сурет бөлімінің оқушылары Хакім Абайдың аудармаларына, шығармаларына ауызша емес, жазбаша емес көркем сурет бейнелеу арқылы суреттеп жеткізу. «Абайды тану – адамның Өзін – өзі тануы Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын Темірқазығына айналуы қажет». – деп Қасым Жомарт Тоқаев өз мақаласында айтқандай. Издену, оқу арқылы балалар көз алдарына қиялдау, елестету арқылы қағаз бетіне бояумен түрлен Діре отырып композиция жазады.

Биыл 2020 – тышқан жылы ерекше жыл болды. Күтпеген жерден бүкіл әлемде төтенше жағдай орын алды. Сол себепті жоспарланған іс-шаралар онлайн арқылы өтті. Көптеген республикалық, облыстық, қалалық конкурстар онлайн мен өтті. Балалар онлайн арқылы бірінші рет оқып жатқанына қарамастан тез игеріп алды. Орта мектептің сабағын, қосымша сабақтарын және байқауларға қатысып жоғары нәтижелерін көрсетті.

Қаламыздағы «АРТ галерея Әлем» төтенше кезінде балалар үйде жалықпас

үшін бірнеше байқаулар ұйымдастырып уақытымыз зуылдап тез өте шыққанын байқамай қалдық.

Абай ағамыздың 175 жылдығына байланысты: «Абай әлемі» және «Терезеден қара», «Біз біргеміз» атты байқаулар болды. Республикалық байқауларға да қатысып жоғарғы дәрежеде көрінді. Ұлы Отан соғысының жеңісіне 75 жыл, «Желбіре, жеңіс жалауы!», «Ұлы жеңіс күні», «Жасыл планета», «Сурет әлемі» т.б.

Президентіміз Қасым – Жомарт Тоқаев Абай туралы өз мақаласында (бәрі той тойлау үшін емес, ой – өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін) дегендей.

Осы «Абай әлемі» атты байқауда Абайдың аудармаларымен, мысалымен, шығармаларымен танысты. Аудармашыға екі қасиет қажет, бірі талғампаздық екіншісі ой тереңдігі. Талғампаздық деп отырғанымыз Абайдың Хакімдігінің бір қыры. Абайдың аудармалары, шын мәнінде, ой жарыстыру.

Орыстың атақты мысалшы ақыны Иван Крыловтың мысалдарын Абай аударған онуш мысалдың бесеуін («Есек пен бұлбұл», «Қарға мен бүркіт», «Шегіртке мен құмырсқа», «Піл мен қанден», «Түлкі мен қарға») ғана жоғары бағалап, ал қалған 8 мысалды қатты сынға алған.

Қорыта келгенде, балалар осы мысалдарға сурет салып, Абай атасының бір қырын танып білді. Карантин бітіп, балалардың еңбегін бағалап «екі ай үйде отырған балаларды марапаттап, үлкен шаттық көңіл силады. Осындай байқаулар өткізіп, олардың көңілдерін көтеріп жақсы кеш силаған «АРТ галерея Әлем» директоры, суретшілер одағының мүшесі, кескіндемеші Бақытжан Құлбайға, креативті директор Светлана Георгиевна ханымға алғысымыз шексіз.







## ҚОБЫЗШЫЛАР АНСАМБЛІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТӘЖІРІБЕМ

**Сауле Естиярова Тышқанбаевна,**  
Қарағанды облысы, Сатпаев қаласы,  
КМҚК «Балалар өнер мектебі»,  
Қобыз сынып мұғалімі



Мен, Естиярова Сауле, Сатпаев қаласы КМҚК «Балалар өнер мектебінде» қобыз аспабының сабақ беремін және «Қаламқас» атты қобызшылар ансамблінің жетекшісімін. Мақсатым ансамбльді ұйымдастыра отырып, балаларды қобыз аспабын жетік меңгеруге, аспапта шеберлікпен ойнауға, өз өнерлерін үлкен сахнада көрсете білуге, ойналған шығармалары арқылы музыкаға деген сүйіспеншілікті оятуға, сонымен қатар өнерлі деген оқушылардың басын біріктіру. Ансамбль (фран тілінен аудармасы бірге) — біртұтас үйлесімді, жете ойластырылған жарастық, тұтастықты білдіреді. Қобызшылар ансамблінің ұйымдасуы бұл ең қызықты әрі күрделі жұмысты талап ететін үлкен іс. Ансамбльде ойнау барысында оқушылардың гармониялық, полифониялық дыбыстарды есту қабілетін жақсартып отыра, ритмді реттейді, эмоционалдық және эстетикалық сезіну қасиеті қалыптасады, ішкі музыка әлемді түсіну тереңдей түседі. Оқушының қоршағаны жоғары сапалы музыкалық ұйым болса, онда оқушының бойында техникалық шеберлік тез дамиды. Алғашқы сабақта оқушылармен «Соль мажор»,



«Ре мажор» гаммаларын штрихтарымен ойнатып алып, кейін кіші көлемді шығармаларды бір дауыста ойнап бастап үйренеміз. Келесі сабақтарда екінші дауысты ойнап жаттығу бұл алғашқы қадамдар болып саналады. Одан кейін жеңіл деген шығармаларды \унисон\ бір дауыста ойнап жаттығамыз. Бастапқы уақытта оқушыларыммен шығарманы бірге ойнап және қасындағы дауысты ести отыра өз партисын таза ойнап беруге баулимын. Дыбысты таза ойнау - ең басты мақсат. Оқушылар өз сыныптастарымен қосылып ойнағанда жақсы әрі қатесіз ойнауға және жақсы ойнайтын оқушыларға қарап солардан қалмауға тырысады. Араларында



достық, сыйластық пен жақсы қарым-қатыныс та осылай қалыптасады.

Жетекшіге ансамбль ұйымдастыру үлкен жауапты іс болып саналады. Әр оқушыдан қол қойылым ережелерін сақтау, дыбысты таза алуына, есте сақтау қабілетін өсіру, ысқыштың ішекте түзу жүруі штрихтарды дұрыс ойнау жұмыстарын талап етемін. Оқушылармен жеке дайындалуға тура келеді. Себебі әр оқушының музыкалық деңгейі бірдей болмайды. Қабілеті орташа оқушымен жеке дайындық өткіземін. Оқушылардың ойнаған шығармаларға қызығушылық таныту және жас ұйымға көркемдік орындаушылық таныта білу жетекшінің міндеті деп білемін. Сахнада музыкалық шығармаларды мәнерлі әуенімен әр түрлі стильде сәтті өнер көрсету толыққанды болып табылады. Көпшілік алдында өнер көрсету оқушының өзін өзі басқаруға әзірлейді әрі еріктік сапасы артады. Ансамбль сабағында орындаушыларға фортепьянода ойнайтын сүйемелдеушінің ойынын тыңдау керектігі айтылады. Егер осы ансамбль өз ісін жалғастырып, ұзаққа сақталса конкурс фестивалдағы бақытты сәттерімен музыкалық тарихта есте қалуы әбден мүмкін. Ансамбльдің арқасында оқушылар қобыз аспабына деген қызығушылық танытып алғашқы дағдылары нығая түскенін байқауға болады және музыкаға

сүйіспеншілігі артып одан әрі қобыз аспабын жақсы ойнауға тырасатыны сөзсіз.

Мұндай жұмыстың нәтижесінде жеке оқушының коммуникативті әлеуметтік сапасының дамуы байқалады. «Дети учатся ... не только музыке, но и основам человеческого общения» - деп А.Артоболевская айтқандай оқушылардың қарым қаныстары нығаяды. Ансамбль ерекшелігі оқушыларды аспапта ойнау мен қатар өзара іс-қимыл жасауға және серіктестікке көңіл бөліп, сапалы жауапкершілікпен қарауға, сонымен қатар тәртіпке, мақсатқа жете білуге, еңбекқорлыққа үйретеді.

Ансамбль ойыншыларына жақсы өнер көрсетуіне барлық жағдайды құру жетекшінің мойнында. Репертуарымызда халық күйлері, шетел композиторларының, орыс, Қазақстан композиторларының шығармаларымен үлкен сахнада өнер көрсеткелі жүрміз. «Қаламқас» атты қобызшылар ансамблі көптеген Республикалық, облыстық, аймақтық, қалалық байқауларда жүлделі орынға ие болуда. Сахнада өнер көрсету оқушыларды ынталандыру және жеке жетістіктерін паш ету, тыңдаушыларға тірі қобыздың дауысымен сусындану. Оған қоса қаламыз киелі қобыз аспабында ойнаушыларға сұранысқа ие.





## КОМПОЗИЦИЯ «ТАБИҒАТ КӨРІНІСІ»

**Бектұрсынов Құрманғазы Қамбарбекұлы**



**Сабақтың тақырыбы:** Композиция «Табиғат көрінісі»

**Сабақтың мақсаты:**

білімділігі: табиғат көрінісін бейнелеуде перспективалық заңдылықтарды ескере отырып, зат көлемін толық бейнелеуге үйрету, сурет салудың заңдылықтарына баулу.

дамытушылығы: живопись өнері әрі пейзаж жаныры туралы білімдерін тереңдету. Табиғат құбылыстарын бейнелеудегі әдіс-тәсілдерді меңгертуге дағдыландыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту.

тәрбиелігі: эстетикалық тәрбие беру. Табиғат көріністерін бейнелеу арқылы бейнелеу өнері пәнін және өз елінің табиғатын сүйеге, құрметтеуге тәрбиелеу.

түрі: жаңа сабақты меңгеру.

әдісі: әңгімелеу, үйрету, көрсету.

Сабаққа керекті құрал-жабдықтар

Мұғалім үшін: слайдтар: табиғат көрінісі суреттері, фотосуреттер, «Сызықтық және ауалық перспектива» кестесі, мольберт, қылқалам, түрлі-түсті гуашь бояулары.

Оқушылар үшін: ақ қағаз керілген планшет, мольберт, палитра, түрлі-түсті гуашь бояулары.

Сабақтың барысы:

- I Ұйымдастыру кезеңі
- II. Үй тапсырмасын тексеру
- III. Жаңа сабақ
- IV. Оқушылардың өзіндік жұмысы
- V. Сергіту сәті
- VI. Қорытынды
- VII. Үйге тапсырма

I. Ұйымдастыру кезеңі

1. Сабаққа келген оқушыларды түгендеу
2. Кезекші оқушы сайлап, кабинеттің тазалығын қадағалау
3. Оқушылардың ынтасын жаңа сабаққа аудару

II. Үй тапсырмасын тексеру

Оқушылардың өткен сабақтарда алған білімдерін тексеру, ой қозғау мақсатында қайталау сұрақтарын слайд арқылы сұрау.

1. Бейнелеу өнерінде табиғат көрінісін бейнелейтін көркем шығарманы- пейзаж дейді.
2. Табиғат көрінісін тез арада бейнелеуді - этюд дейміз
3. Табиғат аясында жүріп сурет салуды- пленер дейміз
4. Композиция дегеніміз – латынның «ойлап шығару» немесе «құрастыру» деген сөзі

Пейзаждың түрлері:

1. Ауыл пейзажы
2. Саябақ пейзажы
3. Қала пейзажы
4. Теңіз пейзажы
5. Сәулет пейзажы
6. Индустриялық пейзаж

III. Жаңа сабақ

Пейзаж – табиғатты бейнелеу. Пейзаж – француз сөзі, бұл қоршаған ортаны, табиғат көрінісін бейнелеу деген сөз. Табиғат көрінісін бейнелеуде ерекше көңіл аударып, жыл мезгілдеріне байланысты әр уақыттың өзінің ерекшеліктеріне көңіл аударылады. Балалар, табиғаттың жыл мезгілдері қандай? (Жаз, Күз, Қыс, Көктем) Қандай табиғат құбылыстарын білесіңдер? (күн ашық, жаңбыр, бұлт, жел, боран, дауыл, қар т.б) «Живопись – көруге болатын поэзия», ал поэзия – естуге болатын живопись», деген екен ұлы суретші, мүсінші, сәулетші Леонардо да Винчи. Жыл мезгілдерін суреттеген қандай ақын – жазушылардың шығармаларын білесіңдер?

Күз. (Абай Құнанбаев)

Сұр бұлт, түсі суық қаптайды аспан,  
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.  
Білмеймін, тойғаны ма, тоңғаны ма,  
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.

Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,  
Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.  
Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,  
Жапырағынан айырылған ағаш, қурай.

Қыс. (Абай Құнанбаев)

Ақ кйімді, денелі, ақ сақалды,  
Соқыр, мылқау танымас тірі жанды.  
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,  
Басқан жері сықырлап келіп қалды.

Бұлттай қасы жауып екі көзін,  
Басын сілкісе, қар жауып мазанды алды.  
Борандай бұрқ – сарқ етіп долданғанда,  
Алты қанат ақ орда үй шайқалды.

Көктемде. (І. Жансүгіров)

Жауыны жауып жасылы,  
Жарқылдайды, жаз кепті.  
Өкіреді өзен тасуы,  
Қаңқылдайды, қаз кепті.  
Тоғайда, көлде той қылып,  
Қаптады құстар жер көкті.  
Ауылдың малы балалап,  
Айран шықты аз – көпті.  
Манаурап мал, жан жадырап,  
Жан – жануар мәз бопты.


Жазғы дала. (С. Сейфуллин)

Тамылжыған жас иісті,  
Жазғы жасыл көк дала.  
Жайылған жібек кілемдей,  
Қызыл – жасыл көк ала.

Далаға келіп көк жасыл,  
Кестелі жібек кілемдей.  
Жас балаша шаттанып,  
Құлай кеттім еркелей.

Бал іздеген аралар,  
Қобызбен күйін күйледі.  
Жұптасып түрлі көбелек,  
Қызғалдақпен биледі.  
Кез келген табиғат көрінісін бейнелеу үшін - көкжиек сызығынан басталады. Бұл перспективалық заңдылық «Перспектива» дегеніміз латын сөзінен аударғанда «арғы – бергі жақты айқын көру» деген мағынаны білдіреді. Перспектива сызықтық және ауалық деп екіге бөлінеді. Перспектива заңдылықтары:  
1. Зат бізден неғұрлым алыс тұрса, соғұрлым кішкентай болып көрінеді.  
2. Параллель сызықтар бізден алыстаған сайын арасы жақындап, көкжиекте бір нүктеде түйіседі.

Мысалы: поезд рельстері бізден ұзаққа барып көкжиекте бір нүктеге түйіседі. Кеңістік бейненің суретін салу үшін көз деңгейін дұрыстап анықтап алған жөн. Көз деңгейі деп кеңістіктегі заттармен құбылыстарға қарағанда көзіміздің тура бағытының деңгейіне



дейін көрінетейін жердің жиегін айтады. Ол әсіресе жазық далада, теңіздің үстінде айқын білінеді.

Көз деңгейіндегі түзу сызықты көкжиек сызығы дейді. Ол сызық аспанды жерден, судан бөліп тұрады. Қоршаған табиғат көрінісін бейнелегенде көкжиек сызығына назар аудару керек. Сурет салғанда алыстан көрінген заттарды жақындығымен салыстырғанда кішірейіп көрсету ғана маңызды емес, сонымен қатар ол қағаз бетінде үлкен де, кіші де болмауы керек.

#### IV. Оқушылардың өзіндік жұмысы

1. Табиғат көрінісінің перспективалық заңдылықтарын сақтай отырып бейнелеу
2. Мольбертке салу жолдарын көрсету

#### 3. Оқушаларға көмектесу

#### V. Сергіту сәті

Орнымыздан тұрайық,  
Қылқаламды алайық.  
Тамашалап табиғатты,  
Көріңсін салайық.

#### VI. Қорытынды

1. Перспектива дегеніміз не?
2. Перспективаның қандай түрлері бар?
3. Көкжиек сызығы дегеніміз не?

#### VII. Үйге тапсырма

Қысқы табиғат көрінісін бейнелеу

## «ТОР ЖОРҒА» АБАЙ. НОТАЛЫҚ МӘТІНДІ ТАЛДАУ

**Қошқарова Салтанат Әбішқызы,**  
Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№1 өнер мектебі» МКҚК

Сабақ жоспары  
Күні: 16.05.2020ж  
Уақыты: 14:00-14:30  
Пәні: домбыра  
Оқушының аты-жөні: Садық Бірханым  
Сыныбы: 1 сынып  
Жас ерекшелігі: 9 жас

### Сабақтың мақсаты:

Оқушыны күйдің ноталық мәтінімен жұмыс жүргізе білуге баулу  
а/білімділігі: нота мәтінін талдау, өз орындауындағы шығарманың бейнелік сипатын беруге ұмтылу, орындау техникасын кешенді дамыту. Абайдың музыкалық шығармашылығына шолу жасау. Музыкалық терминология ұғымдарын қалыптастыру.  
б/тәрбиелілігі: Ұлы Абай мол музыкалық мұрасын құрметтеуге, хабардар болуға, ұлтжандылыққа, шыдамдылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.  
в/дамытушылық: музыканы әсершіл-бейнелі түрде қабыдауы, танымдық іс-әрекетін дамыту, есте сақтау қабілетін дамыту.

### Сабақтың міндеті:

-Пән бойынша ноталық мәтінмен жұмыс жасаудың білім-білік дағдыларын қалыптастыру.  
-Оқушының көркемдік техникалық шеберлігін бір-бірімен бөлмей бірге дамытып отыру.

### Сабақ түрі : аралас сабақ

Сабақ типі: практикалық жеке сабақ  
Сабақ формасы: қашықтықтан оқыту /whatsapp, бейнематериал /  
Оқыту технологиясы : Дамыта оқыту технологиясы , деңсаулық сақтау технологиясы.  
Оқыту әдістері: орындау, өткенді еске түсіру, ой қозғау, миға шабуыл, талдау, БББ әдісі.  
Пәнаралық байланыс: музыка сауаты, музыка әдебиеті, қазақ әдебиеті, Абайтану  
Музыкалық терминология: өлшем, ырғақ, тональдігі, лига, пицикатто  
Сабаққа қажетті құралдар мен көрнекіліктер: Домбыра аспабы, аудио-видео материал, оқулықтар, тірек сызбалар, сазгердің фотобейнесі  
Күтілетін нәтиже: Абай «Тор жорға» күйін нота бойынша талдау.

### Сабақ барысы:

#### I. Ұйымдастыру кезеңі:

а/сәлемдесу  
б/аспаптың құлақ –күйін тексеру, құлағын оң бұрауға келтіру.  
в/оқушының құрал-саймандарын сабаққа дайындығын тексеру, көңіл-күйін бақылау.

#### II. Сабақтың тақырыбы, мақсат-міндеттерімен таныстыру.

#### III. Қол жүргізу жаттығулары :

а/хроматикалық жаттығу  
б/этюд В.Глейхман  
III. Өтілген ән-күйлерге шолу жасау.  
1. «Тепең көк» халық күйі- еске түсіру  
2. «Тарту» С.Ысқақ-қайталау  
3. «Әй-әй бөпем» халық әні- орындау



IV. Үй тапсырмасын тексеру: Абайдың музыка шығармашылығы: Абай музыкалық шығармашылығы жайлы оқушымен сұрақ-жауап арқылы әңгімелесу.

1. «Желсіз түнде жарық ай» Абай-орындау
  2. «Көзімнің қарасы» Абай-орындау
  3. «Қараңғы түнде тау қалқып» Абай-орындау
- Ү. Сергіту сәті.  
Абайдың нақыл сөздерін еске түсіру.





Ү. Жаңа сабақ : Абай Құнанбаев «Тор жорға». Ноталық мәтінмен жұмыс.

1. Қысқаша «Торжорға» күйінің шығу тарихы жайлы әңгімелесу.  
Торжорға. Ғайса Сармурзиннің /1904 ж. Туған/ орындауынан 1983 жылы Уәли Бекенов нотаға түсірген. Алғаш рет жариялануы. Ғайса Сармурзиннің естелігі бойынша күй тарихы мынадай: Ғайсаның Абай ауылында тұрған Оспан деген жылқышы күйеу баласы ақын ел-жұртты аралағанда атқосшы болып бірге жүреді екен. Оспан домбыраны жақсы тартқан және Абайдың әндері мен күйлерін ақынның өз орындауында тыңдай жүріп, оның «Торжорға» күйін есінде тұтып қалса керек. Ал, күйдің шығуына мына бір оқиға себеп болады.

Абай талантты бас идірген Дәке деген дәулетті бір адам ақынды құрметтеп ат сыйлайды. Жорғаның көз тартар сұлулығы мен әсем жүрісіне сүйсінген Абай бірден-ақ оған «Торжорға» деп ат қояды. Осы бір шағын эпизод М.Әуезовтің «Абай жолы» романында суреттелген / М.О.Әуезовтің шығармалар жинағын қараңыз, 7 том, 185- бет/. 1924 жылы Оспан үйінде қонақта отырғанда үйреніп алған бұл күйді Ғайсағаң /Сармурзин/ содан бері жадында сақтап келіп, бүгінгі ұрпаққа жеткізіп отыр.

Абай күйлерінің ерекшеліктері.

Абай ән-күйлерінің өзгешелігі - мелодиялық, ырғақтық жақтарындағы жаңалықтарында, идеялық мазмұнының ашықтығында. Бұл өзгешелік алғашқы көзде тыңдағандардың бәріне бірдей түсінікті бола қоймады, болмақшы да емес еді. Мәдениеттің дамуына кедергі болатын феодалдық жағдайда кейбіреулер үшін ол әндердің жаңа тілдері қазақтың халықтық ән дәстүрінен шығып кеткендік болып көрінуі де мүмкін еді. Бірақ жаңа, прогресшіл мәдениет күрескері болған Абай өз бетінен қайтқан жоқ. Сөйтіп, Абай әндері алғашқыда оның өз айналасына - ауыл-аймағына, кейін жалпы қазақ арасына тарай бастады. Абай ән-күйлері халықтық негізден нәр алғандықтан, халық әндерімен тамырласып жатқандықтан, нотаның жоқ кезінде-ақ, ауыздан ауызға көше отырып, қалың бұқараның игілігіне айналды. Бұған бұрын-соңды халықтың музыкалық салтында болмаған жаңа өткір тілмен өлең тексіне құрылуы да себеп болды.

3. Күйдің өлшемін, ритмдік топтарын, қағыстарды нотадан қарап, ауызша талдап аламыз.

4. Бас буынды нотаны тікелей оқу арқылы баяу екпінмен тартып шығу.

5. 2-ші рет нотаны тікелей оқу арқылы мұғаліммен тоқтамай баяу екпінде қосылып

орындау.

6. Орта буында нотаны тікелей оқу арқылы баяу екпінмен тартып шығу

7. 2-ші рет нотаны тікелей оқу арқылы мұғаліммен тоқтамай баяу екпінде қосылып орындау.

8. Сағасының орта буынмен ұқсас жерлерін нотадан тауып, көрсетіп белгілеу. Оқушының тоқтамай, екпінді жәй, саусақ реттілігін дұрыс жүргізе отырып орындалуына бағыт беру.

ҮІ. Жаңа сабақты бекіту: Ноталық мәтінді нотаға қарап талдау.

- Қазір біздің сыныбымыздың оқушысы Жапаров Жақыптың орындауында осы күйді тыңдап көрейік. /Аудиобейне материалдар/-тыңдау.



Бекіту сұрақтары:

- күй не туралы?
- пицикатто дегеніміз не?
- күйдің өлшемі қандай?
- қағысы қандай?
- қандай нота ұзақтықтары кездеседі?
- лига дегеніміз не?

ҮІІ. Қорытынды. БББ кестесі бойынша.

ҮІІІ. Үйге тапсырма беру. Бағалау.

Мұғалім: - Назарларыңызға рахмет! Сау саламат болыңыздар!

Пайдаланған әдебиеттер:

«Домбыра үйрену мектебі» А. Жайымов, Б. Ысқақов, С. Бүркітов, «Абай Құнанбаевтың музыкалық творчествосы. Музыкальное творчество Абая Кунанбаева: этнографиялық жыйнақ. Этнографический сборник - Алматы. Ғалым. 1995-60с., Ерзакович Б.Г. Музыкальное наследие казахского народа /Ерзакович Б.Г. - Алма-Ата, Наука, 1979-184с/, Audiokitartar мобильді қосымша БАҚ материалдары



## «АТА-БАБА ДӘСТҮРІН АРДАҚТАЙЫҚ!»

**Елтезерова Нүргүл Қадірқызы,**

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары балалар өнер мектебінің көркем сурет бөлімінің мұғалімі

«Ата-баба дәстүрін ардақтайық!» атты оқушылар арасында ұйымдастырылған ашық тәрбиелік шара.

**Мақсаты:** Ұлттық салт-дәстүрімізді жас ұрпақтың санасына енгізу, насихаттау. Оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.

Жүру барысы:

1.-Уа жарандар,жарандар,

Бәрің де бері қараңдар!

Наурыз-думан басталды,

Бәр сәт зейін салыңдар!

-Армысыздар, ұстаздар, ата-аналар, оқушылар!!!

Сіздерді Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Бүгінгі болғалы отырған «Ата-баба дәстүрін ардақтайық!» атты мерекелік ашық тәрбиелік шарамызға қош келдіңіздер!

Алдарыңызға ұсынылған наурыз дәмінен ауыз тиіп отырыңыздар!

Сіздерге арнап жырдан шашу шашатын Аманғалиева Інжудің орындауында «Наурыз-думан» әні, қабыл алыңыздар!!!

2. -«Түз астың дәмін келтіреді,

Мақал сөздің мәнін келтіреді»- дегендей енді мақал айтып жарысайық. Ол үшін экранда көрсетілген суреттер арқылы мақал құрастырамыз. Кәне, кімнің ойы жүйрік, тілге шешен екен!?

Жауаптары:

1.Мысық жоқта тышқан төбеге шығады.

2.Су ішкен құдығыңа түкірме.

3.Көзің ауырса қолыңды тый,

Ішің ауырса ауызыңды тый.

4.Бала тәрбиесі – бесіктен.

5.Балапан ұяда не көрсе,

Ұшқанда соны іледі.

6.Өле жегенше бөле же.

7.Тоқал ешкі мүйіз сұраймын деп

Құлағынан айырылды.

3. Халқымызда «Асығың алшысынан түссін!» деген бата-тілек бар. Енді ұлдарымызды асық ойнауға ортаға шақырамын.

-Асық қайдан алынады?

-Асықтың түсу бағыттарын қалай атайды?

Жауабы: 1.Асық – төрт түлік мал мен қоңыр аңдар тілерсегінде болатын, қызметі аса күрделі, буынға біткен шымыр сүйек. Қой, ешкі, сиыр, түйе асығы үлкен-кішілігіне қарамастан бір пішіндес, мүсіндес келеді. Ал жылқы асығы басқа пішінді болады. Асықпен «Ханталапай», «Үш табан», «Шеңбер» сияқты неше түрлі асық ойындары ойналады. Ойында асықтың сыртқы пішіндері үлкен рөл атқарады.

2.Алшы – асықтың иірілгенде тегіс табаны жерге тиіп, тұрық түсуі. Ойын кезінде оған бірінші дәрежелі мән беріледі.

Тәйке (тауа) – асықтың иіріленде шұңқырлау табаны жерге тиіп, тұрық түсуі. Ол екінші дәрежелі мәнге ие.

Бүге (бүк) – асықтың иірілгенде дөңес жоны үстіне қарап, етпетінен жатық түсуі. Ол үшінші дәрежелі мәнге ие.

Шіге (шік) – асықтың иірілгенде шұңқыр құрсақ жағы үстіне қарап, шалқасынан жатық түсуі. Ол төртінші дәрежелі мәнге ие.

Тұрық – асықтың алшы не тәйке түсуі.

Омпы – асықтың тұмсығымен жер тіреп, тік шаншылып түсуі.

Сомпы – асық тұмсығының көкке қарап, тік шаншылып шоңқая түсуі.

Табан – асықтың тәйке жағы.

Оңқай – асықтың бүгесі алақанға қарап, тәйкесі оң қол бас бармағына басылып ыңғайлы ұсталуы. Оңқай асық малдың сол жақ аяғының тілерсегінде болады.

Солақай – асықтың шігесі сыртқа қарап, алшысы оң қол бас бармағына басылып ыңғайлы ұсталуы. Солақай асық малдың оң жақ аяғының тілерсегінде болады.

Сақа – қолдағы бар асықтың үлкенінен, ірісінен, межемдісінен, салмақтысынан, оңқайынан белгіленеді. Солақайлар сақаны солақай асықтан ұстайды.

4. Ендігі кезекті қыздарымызға берейік!

«Гүл өссе жердің көркі,

Қыз өссе елдің көркі», дегендей біздің көрікті де, бұрымды қыздарымыздың дефелъесін тамашалайық! «Қыз сыны» әні шырқалады, бұрымды қыздар ұлттық киімдерімен, шашбауларымен шаштарын сәндеп өріп, жүріп сән көрсетеді. Шараның соңында «Бұрымды ару» номинациясы беріледі.

5. «Білегіңе сенбе, білгеніңе сен» демекші, енді білімдеріңізді сынап көрейін. Ол үшін экранда көрсетілген салт дәстүрге байланысты суретті сұрақтарға жауап беріңіздер! Ал ендеше, кім көп біледі екен?

Сұрақтар:

1. Қазақ халқы наурызды қашан қарсы алады?

2. Халықтың түсінігі бойынша наурыздың 22-сіне қараған түні даланы кім аралайды?

3. Тоқым қағар – дегеніміз не?

4.Бастаңғы – дегеніміз не?

5.Сыбаға – дегеніміз не?

Жауабы:

1. Наурыздың 22-сі күні таңғы сағат үште

2. Қыдыр

3. Бала бірінші рет үйінен алысқа жолаушылағанда өткізіледі

4.Үйдің үлкендері бір жаққа жолаушылап кеткенде бойжеткен қыз жасайды. Қыздың үйіне құрбы- құрдастары жиналады.

5. Құрметті немесе өздерінің жақын – жуығына арнап сақталған кәделі ет мүшелері сыбаға деп аталады.

6. «Жұмбақ жасырайық!» экрандағы жасырылған жұмбақтардың шешуін табайық!

1.Аяғы бар, етігі жоқ

Қалпағы бар, басы жоқ. /Саңырауқұлақ/

2.Көк лағым көгенде жатып семіреді. /Қарбыз/

3.Айдалада ақ отау

Аузы мұрны жоқ отау. /Жұмыртқа/

4.От басында құмған

Екі көзін жұмған /Мысқ/

5.Кішкене ғана бойы бар,

Айналдырып киген тоны бар /Қой/

6.Тарпаң-тарбаң тарбиған

Түрі жаман жарбиған. /Бақа/

7. «Ас адамның арқауы», енді кезекте экранда көрсетілген ұлттық тағамдардың атауын табайық! Алдымыздағы дастарханда тұрған тағамдардың атауын білеміз бе?

1.Наурыз көже неше түрлі тағамнан жасалады? оларды атаңдар .7 түрлі дәм: соғымнан қалған сүр ет, сүт, езілген құрт, бидай, пияз, сәбіз, миіз

2.Сүттен алынатын тағамдар қандай? Сүт,айран, қаймақ, сары май, ірімшік, құрт,

3.Ет тағамдары қандай? Еттен жасалған – даярланған тағамдар:

Қуырдақ; қазы; шұжық; жая; бұжы

4. Нан тағамдары қандай? Бауырсақ; жалпақ нан; таба нан; самса; бәліш.

8. «Жаңбырменен жер көгерер,  
Батаменен ел көгерер», демекші бата бері кезеңін Мақсатқа берейік, атасынан жаттаған батасын берсін!

-Сұрасаң бата берейін  
Үстем болсын мерейің!  
Ықыласпен қол жайсаң,  
Ақ тілекті төгейін.  
Ұлыс оң болсын,  
Ақ мол болсын,  
Қайда барсаң жол болсын,  
Ұлыс бақты болсын,  
Төрт түлік ақты болсын!  
Ұлыс береке берсін,  
Бәле-жәле жерге енсін!  
Ұлы халқым тоқ болсын,  
Қуаныштарың көп болсын!  
Әумин!

-Сәулесіндей көрініп таңғы үміттің  
Басын қостың салт-дәстүр, сан ғұрыптың.  
Жаса, Наурыз, жарқыра көкте күндей,  
Мерекесі достықтың мәңгіліктің!

-Осымен, «Ата-баба дәстүрін ардақтайық!» атты мерекелік шарамыз аяқталды. Сау-саламатта болыңыздар!!!

Шара соңында төмендегі номинациялар бойынша оқушыларға «Мадақтама» берілді.

«Бұрымды ару»  
«Сөзге шешендігін көрсеткен»  
«Асының алшысынан түссін»  
«Ұшқыр ойлы»  
«Ширақ ойыншы»  
«Ең тапқыр оқушы»  
«Ақ батасын берген»

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Д. Матайқызы «Ұрпағым саған айтам»
2. М. Қабиджанұлы «Ұлдарым саған айтам, қыздарым сен тыңда»
3. «Уикипедия» ашық энциклопедиясы
4. Е. Оспанұлы «Қазақ халқының салт-дәстүрлері»

## «БІЗ СУРЕТШІ БАЛАМЫЗ!»

**Елтезерова Нұргүл Қадірқызы,**

Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары балалар өнер мектебінің көркем сурет бөлімінің мұғалімі

«Біз суретші баламыз!» атты оқушылар арасында ұйымдастырылған ашық тәрбиелік шара. Сайыс.

**Мақсаты:** Оқушылардың шеберлігін шыңдау, қызығушылықтарын арттыру. Көркем сурет өнеріне баулу. Оқушылардың біріге жұмыс жасауына, өзара достық, қарым-қатынастарын нығайтуға шақыру. Мұғалім мен ата-ананың, оқушының қарым-қатынасын нығайту.

**Шараның жоспары:**

1. Таныстыру
2. Сурет өнері
3. Кескіндеме өнері
4. Мүсін өнері
5. Қолөнер
6. Сұрақ-жауап
7. «Дәмді, әрі сәнді»
8. Сән үлгісі

Жүргізу барысы:

-Армысыздар құрметті ұстаздар, ата-аналар, оқушылар!

Көркем сурет бөлімінің 1-сынып оқушылары арасында өткелі отырған «Біз суретші баламыз!» атты сайысымызға қош келдіңіздер!

Халқымыздың ұды суретшісі Әбілхан Қастеев атамыз: «Өнерді, қойдың құлағынан, таудың бұлағынан, ешкінің мүйізінен, әжемнің киізінен үйрендім» дегендей, шәкірттеріміздің осы уақыт аралығында бар білгенін, үйренгенін ортаға салатын сәт келіп тұр!

-Ендеше, ортаға сайыскерлерімізді шақырайық! Қарсы алыңыздар!

1. Ақтілек
2. Альфия
3. Разметолла
4. Гүлнәз
5. Берекет
6. Інжу
7. Ақылханым
8. Мақсат

-Ал, құрметті халайық!

Сайысты енді көріңдер,

Әділқазы алқасы

Әділ баға беріңдер! – деп әділқазы мүшелерімен таныстырып өтейін:

1. Тәрбие ісінің меңгерушісі – Шлыкова Л.А.
2. Көркем сурет бөлімінің меңгерушісі – Алтынбекова Б.А.
3. Көркем сурет бөлімінің мұғалімі Қуанова А.К.

1. Сонымен сайысымыздың алғашқы кезеңі «Таныстыру».

Шыққан соң бұл сайыста талаптанып,

Сайыскерлер шығады сараптанып.

Тұрғанда өзін-өзі таныстырып,

Қолдап тұрса кетпей ме, қанаттанып.

Сайыскерлерімізге сөз берейік!

-Әділқазы алқасы бағаларыңызды беріп, бірден пікірлеріңізді айта отырыңыздар!



2. Бетіне ақ қағаздың  
Жан бітірген керемет  
Таңдай қағып қарайсың  
Қандай ғажап сурет деп! - келесі кезең – сурет салу. Яғни, сайыскерлер 3Д әдісімен сурет бейнелейді.  
Осы уақытта сайыскерлердің сабақ барысындағы қызықты фотосуреттерден слайдшоу жүреді.  
-Әділқазы алқасы бағаларыңызды беріп, бірден пікірлеріңізді айта отырыңыздар!  
3. Суретдеген ғажап  
Туындысы өнердің  
Тәлім алып қалайық,  
Қылқаламынан шебердің! – ендігі кезең кескіндеме өнерінде. Сайыскерлеріміз қағаз бетіне бейнеленген суретті гуашь бояуымен бояп аяқтайды. Түстердің үйлесімділігіне, бояу техникасына мән беріледі.  
-Әділқазы алқасы бағаларыңызды беріп, бірден пікірлеріңізді айта отырыңыздар!  
4. Жұмыр етіп жасайды  
Суреттегі бейнені  
Жан-жағынан қарайды,  
Мүсінделген бейнені, - келесі кезең мүсін өнерінде. Сайыскерлеріміз өздеріне берілген кеспеқағаздағы бейнені ермексазбен жұмыр етіп жасап көрсетуі керек. Нәрсенің ұқсастығы мен пропорциясына мән беріледі.  
М.Әлімбаев «Өшіргіш пен қағаз»  
Өшіргіш пе кір қағаз  
Өмір бойы дұрдараз.  
Қағаз айтты досына  
Қайырымың осы ма?  
Жатырмын деп тазалап  
Ысқылайсың мазалап.  
Білігі жоқ есерсің  
Бүйірімді тесерсің  
Түбі осыңнан табарсың  
Күнде шөгіп барарсың  
Өзің дағы өшерсің  
Дүниеден өтерсің.  
Сонда өшіргін сөйлейді  
Сөйлегенде бүйдейді.  
-Бұйырмасын өкінсем  
Қағаз кірін кетірсем  
Бір күнім жоқ жалыққан  
Қателерден арылтқан  
Өшіргіш деп айтады ел  
Бағалайды байтақ ел  
Жаны туыс  
Көркемдік пен тазалық  
Кәне дұрыс  
Әдемі сурет салалық!  
-Әділқазы алқасы бағаларыңызды беріп, бірден пікірлеріңізді айта отырыңыздар!  
5. «Қолөнер – сырлы өнер» демекші, ендігі кезекті қолөнерге береміз. Сайыскерлеріміз «Тәуелсіздік күніне» арнап жасаған ашықхаттарындағы жүрекжарды тілектерін оқып, алдарыңызға ұсынады. Әдемілігіне, ұқыптылығына мән беріледі.  
-Әділқазы алқасы бағаларыңызды беріп, бірден пікірлеріңізді айта отырыңыздар!  
6. «Білегіңе сенбе, біліміңе сен» дегендей, сайыскерлеріміздің білімін сынайтын кез келді. Экранда көрсетілген ұяшықтарда осы уақытқа дейін өткен тақырыптардан сұрақтар жасырылған. Әр сайыскер ұяшықты таңдап, сұрағына жауап беруі керек.  
1. Әлемдегі ең биік пирамида қандай?

«Хеопс» биіктігі 147м  
2. Бейнелеу өнерінің түрлері?  
Сурет, кескіндеме, мүсін, с.к.ө., дизайн, сәулет  
3. Ритм дегеніміз не?  
Картинадағы бір немесе бірнеше элементтің қайталануы.  
4. Бейнелеу өнерінің жанрлары?  
Пейзаж, портрет, натюрморт т.б.  
5. Симметрия дегеніміз не?  
Форматтағы тепе-теңдік.  
6. Нюанс дегеніміз не?  
Түстің, реңнің бұлдырауы, айқынсыздығы.  
7. Бейнелеу өнерінің негізі деп нені айтамыз?  
Сурет  
8. Негізгі түстер қандай?  
Қызыл, сары, көк  
-Әділқазы алқасы бағаларыңызды беріп, бірден пікірлеріңізді айта отырыңыздар!  
7. «Дәмді, әрі сәнді» кезеңіне келіп жеттік. Сайыскерлеріміз көркем сурет бөлімінде оқыған соң, олардың жаны сұлулыққа құмар. Олар кез-келген нәрсені әдемі суретке айналдыра алады деп сенемін. Сондықтан да алдарыңызға сәнді де дәмді тағамдарын ұсынады.  
-Әділқазы алқасы бағаларыңызды беріп, бірден пікірлеріңізді айта отырыңыздар!  
8. Ойламайды ешкім де  
Пайдаға аспас дейді де,  
Лақтыра салып тастайды  
Газет пенен пакетті де, -Сонымен соңғы кезеңіміз креативті сән үлгісі. Сайыскерлеріміз ешкімнің ойына келебермейтін, кез-келген нәрсені пайдаға асырып, киім үлгілерін көрсетеді. Кәне, бізді кім таңқалдырады екен?!  
-Әділқазы алқасы бағаларыңызды беріп, бірден пікірлеріңізді айта отырыңыздар!  
Осымен сайыс кезеңдері өз мәресіне жетті, енді әділқазы мүшелерінің шешімін күтеміз!  
Осы аралықта сайыскерлеріміздің бірі Инжуді «Ертегілер» әнімен ортаға шақырайық!  
Қорытынды бойынша:  
Бас жүлде  
I-орын  
II-орын  
III-орын  
«Креативті сәнгер»,  
«Шебер аспаз»  
«Ойшыл суретші»  
«Шебер мүсінші» номинациялары бойынша марапатталды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Әлімбаев «Өлеңдер жинағы»
2. «Қазақстан суретшілері және олардың туындамасы» кітабы
3. В. К. Кузин «Рисунок. Наброски и зарисовки»
4. Н. М. Сокольникова «Основы композиции»
5. «Уикипедия» ашық энциклопедиясы

## «ДОМБЫРА ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӨНЕРІ»

**Копербаева Гулсуду Омирзаковна**

«Домбыра» үйірмесінің қосымша білім беру педагогы.  
«Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданының  
мектептен тыс жұмысының орталығы»

Тақырыбы: «Домбыра және қазақ өнері»

Мақсаты Домбыра аспабы және күйші-композиторлармен танысу.

Өнердің адам өміріндегі алатын орны және ерекшелігін түсіну.

Тәрбиелі, өнерлі болуды мақсат ету.

Тәрбиелік Домбыра және күй өнері арқылы ұлттық рухани-тәрбие беру.

Дамытушылық Тәрбиеленушілердің аспаптық өнер туралы музыкалық -теориялық білімін дамыту, қызығушылығын арттыру.

Көрнекілігі Домбыра аспабы А.Жайымов, С. Бүркітов, Б. Ысқақов «Домбыра үйрену мектебі» слайд, домбыра аспабының сызбасы

Күтілетін нәтиже:Тақырыпқа сай өз-ойларын, түсінігін, көзқарастарын еркін жеткізу. Орындаушылық шеберлікті қалыптастыру.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі
2. Үй тапсырмасын тексеру
3. Жаңа сабақ
4. Қорытынды

Балалар тәрбие сағатының негізі тәрбие деген сөздің мағынасын түсіндіріп өтейін.

Тәрбие, тәлім-тәрбие – жеке тұлғаның адамдық бейнесін, ұнамды мінез-құлқын қалыптастырып, өмірге бейімдеу мақсатында жүргізілетін жүйелі процесс.

Бесік тәрбиесі, балдырған тәрбиесі, өрен тәрбиесі, жасөспірім тәрбиесі, жастар тәрбиесі бір-бірімен жалғасып, өз ерекшеліктерімен жүзеге асырылады. Тәрбиенің мақсаты адам бойында ізгілік, инабаттылық қасиеттерін және тіршілікке қажетті дағдылар қалыптастыру болып табылады. Ата-ана тәрбиесі-отбасы, мектеп, қоршаған орта, рухани тәрбие, эстетикалық тәрбиесі т.б мектептен тыс орталығына келіп өзін-өзі тәрбиелеу мақсатымен өмір сүреміз.

Жаңа сабақ.

Қазақ халқы үшін домбыраның орны ерекше. Ең даладағы қазақтың қай-қайсысыда домбыраның үніне жан-тәнімен беріліп, оны өзінің бүкіл асыл мұрасы байлығы деп бағалайды. Кең даланы мекен еткен қазақ жұртының ең аяулы, қасиетті аспабы-домбыра. Оның қос ішегінде сан ғасырдың ақыл ойы көңіл күйі жатыр. Домбыра асқақтата ән салып, күмбірлетіп күй төккен өнерпаз халықымыз қақ төріне ілген ең қымбат, ең сүйікті музыкалық аспаптардың бірі. Домбыра өнерінен туған ән, күй тез бойға сіңеді. Осы өнерді үйрену адамды жақсылыққа жетелейді. Домбыра тілмен мәдениетті реттейді. Салт – дәстүр қағидаларын ұмыттырмайды.

Домбыра аспабының құрылысын негізгі атауымен атап бәрміз бірге жауап берейік:

басы, құлақтары, мойны-пернелері, шанағы немесе кеудесі, қақпақтың қорғаны, ішектері, бет қақпағы, дыбыс шығаратын ойығы, тиегі, түймесі.

Дыбыс қатары әр түрлі биіктіктегі жеті дыбыстың қайталануынан тұрады. Музыкалық дыбыстардың негізгі жеті дыбыстың ғана арнаулы аттары бар, қане бәріміз бірге айтайық: до, ре, ми, фа, соль, ля, си

Домбыраның төменгі ішегі - СОЛЬ, жоғарғы ішегі - РЕ дыбысымен атаймыз. Соль ішегінің бойында орналасқан ноталарды үйрену үшін домбыраның мойнындағы пернелерді рет-ретімен санап, домбырада тартып көреміз. Сол қол саусақтарының пернені аса қатты баспай, сол пернені саусақ басымен сезіне алуына көңіл білу керек. Сондай-ақ пернені басқанда саусақтар өте тік басылмауы тиіс. Пернеден - пернеге ауысарда саусақтарды сәл босатып, ішекті бойлай сырғыта орындаймыз.

Балалар, енді бойымыздағы өнер атаына тоқталайық.

Өнер - көркем образдар жүйесі арқылы адамның дүниетанымын, ішкі сезімін, жан дүниесіндегі құбылыстарды бейнелейтін қоғамдық сана мен адам танымының формасы. Әр адамның бойында ерекше біткен талантты болады. Соның бірі - өнер. Өнер – халық тарихының шежіресі. Осы өнер арқылы өмірдің кең тынысы, тіршілік құбылыстары, адамның әр түрлі сезімі бейнеленеді. Сөз, әуен, қолөнер адам өмірінің сан ғасырлық тарихынан көптеген нәрсені көрсетіп, алуан түрлі сыр шертеді. Қазақ халқының басынан өткен сан қилы замандар, оның тіршілігі мен дағдарысы, салт-дәстүрі, санасы, өмір сүрген ортасы, әдет-ғұрпы арқылы ұлттық өнер ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, болашақ үшін тарих сахнасына айналды. Өнер адамның әрбір кезінде берілуі мүмкін. Бастысы оған деген құштарлық сезімі биік болса, алынбайтын қамал болмайды. Бұл дүниеде адамның жан дүниесін нұрландыра түсіретін, өмірді кемелдендіріп, ізгілік нұрын шашатын құдірет ол - өнер. Адам баласы өнер арқылы өмірдің қыр-сырын таниды.

Балалар, Батыс Қазақстанның қазақтың күй өнеріне өшпес мұра қалдырған күйшілерді білемізбе? Ендеше атап өтейік:



Құрманғазы  
Сағырбаев



Сейтек  
Оралыұлы



Дәулеткерей  
Шығайұлы



Дина  
Нұрпейісова



Шамғон  
Қали  
Жантілеуов



Тұяқберді  
Қажыгерей  
Шәмілов



Есұлы  
Ермеқ  
Қазнев

Енді балалар, өз өнерімізді көрсейік. Тәрбиеленушілердің өнерін тамашалау.

Қасиетті күй өнерін аманат еткен, атақты күйшілерді мақтанышпен сондай-ақ ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып күйші-композиторлардың есімдерін еске сақтау мақсатында слайдтан кезекпен оқып шығайық:

Боғда Қараұлы, Ұзақ Мырзабайұлы, Баламайсан Дауұлы, Соқыр Есжан, Түркеш Қалқаұлы, Мұрат Мәменұлы, Оқап Қабиғожин, Науша Бөкейханов, Сабыр Мұқанов, Қазиев Есет, Мұрат Қалиев, Өтеген Жұмашев, Рахым, Ығылманов, Ұлмекен Батырова, Айтжан Тоқтағанов, Орынбай Дүйсен, Мамай Отарбаев, Бақтығали Айтжанов, Төреш Кереев, Батыржан Мықтыбаев, Ербол Губайдаллин, Ермак Мулдабеков, Асылхан Қазиев, Досым Мақсотов, Жалғас Егізбаев, Мұқанғалиев Қуанышбек.

Бойымыздағы өнерді домбыра арқылы дамытатын болсақ, демек біз осы домбыра аспабын жасайтын шеберлердің есімдерін біліп, еңбегін бағалай білуіміз керек. Ендеше таныс болайық:

Орал қаласының домбыра аспабын жасайтын шеберлер





Набиев Едіге Қуанұлы  
Сүлейменов Бактыгерей Баксынкұлы  
Серікбаев Аслан Серікбайұлы  
Ахметов Сансызбай Сағадатұлы

Ақжайықтың өнер зерттеушілері:



Ержанов Махамбет Ержанұлы  
Айтжан Тоқтаған  
Хасанов Қайыржан Төлегенұлы  
Сертеков Нұржан Орынғалиұлы  
Нұрымбетов Еркін Шаяхметұлы  
Кенжеғалиев Асқар Мұқанбетқалиұлы

Қорытынды: Тақырыпқа байланысты пікіріміз қалыптасып, ойымыз рухани жаңғырып өнер әлеміне деген қызығушылығымыз арта түсті. Сабақ аяқталды.

## «КИІЗ БАСУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯСЫ» (ЖҮНМЕН СУРЕТТІ БЕЙНЕЛЕУ)

Батыс Қазақстан облысы  
Теректі ауданы, Госплемстанция ЖОББМ қосымша білім беру педагогы **Темиралиева Нургуль Майдановна**

**Мақсаты:**

1. Халқымыздың қолөнер қазынасы – осы киіз туралы түсінік беру, білімдерін дамыту; құрғақ және дымқыл киіз басудың жаңа технологиясымен танысу; жүнді киіз басу техникасында панноны өздігімен дайындауды үйрету;
2. Киіз басудың техникасы мен технологиясын меңгерте отырып, шеберлігін дамыту, өнерге деген ынта – қабілетін арттыру;
3. Жас ұрпаққа осы заман талабына сай өзгеріп келген жүнмен жұмысты үйрету негізінде ұлттық өнерді қастерлеуге, дәстүрді сақтауға тәрбиелеу.

**Сабақта қолданылатын педагогикалық технология:**

Сабақтың типі: Жаңа білімді игерту  
Сабақтың түрі: Дәстүрлі

Сабақтың әдістері: Сарамандық теориялық білімді практикамен байланыстыру  
Сабақтың оқыту құралдары және көрнекілігі: түрлі-түсті жүндер, лине, паралон, рамка, пинцет, суреттер, нұсқау карта, презентация.

Сабақтың пәнаралық байланысы: Бейнелеу. Тарих

**Сабақтың барысы:**

I. Ұйымдастыру кезеңі

II. Қайталау (тестпен жұмыс)

1. Жүн матаны көбіне қай жүннен өңдейді?

а) ешкінің; ә) түйенің; б) қойдың.

2. Жүннің алғашқы өңдеуін бірізділігін дұрыс белгілеп бер.

а) сорттайды; ә) тазалайды, түтеді, қопсытады;

б) іріктейді;

3. Матаның сапасы неге байланысты?

а) талшықтардың сырт көрінісіне; ә) талшықтардың құрамына;

б) талшықтардың атауларына.

4. Жүнді ылғалды жылумен өңдеген кезді өлшеме кішірейеді матаның қандай қасиетіне жатады?

а) технологиялық;

ә) физико-механикалық

б) гигиеналық

5. Қандай маталардың гигиеналық сапасы төмен болғанымен гигроскопн ялық қасиеттері жоғары болады?

а) синтетикалық маталар;

б) зығыр маталар; ә) жүн маталар;

6. Қандай маталар адам организмне экологиялық әсерін тигізеді?

а) макта мата маталар; ә) синтетикалық маталар;

б) жүн маталар.

7. Табиғи талшық неден өңделеді?

а) мұнай; ә) тас көмір; б) жүн;

8. Негізгі жіп қалай орналасады?

а) матаның жиегінде; ә) матаның ұзына бойымен; б) матаның көлденеңінен.

9. Арқаулық жіп қалай орналасқан?

а) матаның көлденеңінен; ә) матаның шетінен; б) матаның ұзына бойымен.

III. Жаңа сабақ (теориялық бөлімі)

**Кіріспе.**

Қолөнер-атадан балаға мирас болып келе жатқан асыл мұра десек, қазіргі таңда жас ұрпақты ата-бабаларымыздың сәндік қолданбалы қолөнер түрлерімен, халық шеберлерінің тамаша шығармаларымен таныстыра отырып, ұлттық қолөнерге баулу басты міндет. Ата-бабамыздың қалдырған бай мәдени мұрасының тарихын байыпты зерттемей, жаңа өмірдің талабына лайық туынды жасау мүмкін емес. Жаңа туындылардың тамыры көне дүние тарихымен терең астасқан сайын сол ортаның идеологиялық және рухани жағдайына лайықты мазмұны мен мағына беруі тиіс. Демек, әр өнер шеберінің қолынан шыққан туынды ата-бабадан қалған мол мұрадан нәр алып, жаңа өмірдің жаңа талабына сай болуы керек. Осы тұрғыда технология пәні мұғалімі ретінде қолөнері технологиясын үйрету барысында оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін арттырып, жаңа үлгіде, жаңа технологияны пайдалана отырып, әдемілікке, сұлулыққа баулып, мамандығын таңдауға ықпал етуге және де өз беттерінше ізденіп шығармашылық жұмыс жасауға жағдай жасап, одан ары қарай дамытуға мақсат қойып отырмын. Бағдарламаның, сәндік қолданбалы өнер бөлімінен «жүнменен жұмыстану» тақырыбын таңдап балалармен материалдарды барынша пайдаланып еңбектендік. Балалар жасы 10-15 аралығы бұл жұмыстың іс-әрекеті әсемдікті өз қолымен жасай алатынына көзі жетіп, өзіне деген сенімі артады. Олар өзі өмір сүретін ортаны көгалдандыру, оны әсем де көркем етіп жасау оқушының білімге құштарлығын арттырудың бір жолы болып табылады.

Киіз басу – Жердегі меткелді дайындаудағы ең көне техника. Археологтар бірінші киіз басылған бұйымдардың пайда болуын 8000 жылдық мерзімді болжайды.

Жалпы, киіз басу ежелден келе жатқан дәстүр, бұл өнердің біздің заманымызға дейінгі



ғасырларда қазақ даласына кеңінен таралып кеткені мәлім. Бұл жерлерді мекен еткен ата-бабаларымыз киізден түрлі бұйымдар жасайтын болған. Мысалы, Пазырық елді мекенінен киізден жасалған бедерлі, мүсінді бұйымдар табылған. Сол себепті де киіз басу дәстүрін осы құтты мекенде пайда болған деп топшылауға толық негіз бар. Бүгінгі күні пима киіп, үйіне текемет төсейтін қазақтар жоқ болғанымен, киізден жасалған бұйымдарға деген сұраныс бар. «Киіз басу» қазақтың төл өнері. Сондықтан да оны қолданыстан шығып қалды деуге болмас. Керісінше, заман өзгеріп, қолданыстың жаңа формасына енді. Яғни қолдану аясы ғана өзгерген. Киіз – түрік тілінен «жамылғы», ағылшын тілінде – felt, неміс тілінде – filtz. Барлық осы атаулар киіз басу тарихы кезінде пайда болды. Бұның бәрі Нұх заманында аңызға сәйкес басталды. Бірінші басылған кілем Нұх кемесінде пайда болды. Сол кемемен жүзген қойлар тар қораларда ұсталды. Олардың бүйірлерінің жүндері жерге түсіп, су болып қалатын, түйяқтарының астында тапталып, ұрылатын. Қойлар кемеден шыққан кезде, жерде әдемі жүнді кілем қалып қоятын. Археологтар бірінші басылған бұйымдарды пайда болуын біздің заманымызға дейін VI-V ғасырдағы мерзімді айтты. Түлеу кезінде жиналған жабайы жануарлардың жүндерін баса отырып, ежелгі адамдар бірінші қарапайым киімді дайындады, тек бір ғасыр өткеннен кейін ғана олар иіруді, тоқуды және өруді үйренді. Әлемді мәдениетке киіз еуразиялық далалардың көшпенділерінің, Тибеттің, Памирдің, Алтайдың, Кавказдың тау мал өсірушілердің өнертабысы ретінде кірді. Ең көп таралған орыс киіз басылған бұйым, бұл арине пималар болып табылады. Сонымен қатар Ресей жерінде пималарға қоса, олар шұға және шаруашылыққа қажетті киіздерді, киіз басылған бас киімдерді, темекілерді сақтау үшін арналған дорбаларды дайындайтын. Ал енді өзіміздің қазақ халқымыздың өнеріне тоқталсақ, халқымыздың жүнді пайдаланып киіз басу, арқан, жіп есу, құр ызу сияқты қолөнерінің тарихының әріден басталғанын көреміз. Киіз үй біздің заманымыздан бұрынғы VII – ші ғасырда кеңінен пайдаланғаны жайлы жазба деректерде жазылған. Киізді халқымыз көшпенді тұрмысының барлық қажетіне жаратты. Баспанасына жабынды, басына сая, еденіне төсеніш, үстіне киім, сән-салтанат бағыштайтын аса қажетті тұтыну материалы ретінде қадірледі. Ал қазіргі кезде жартылай ұмыт болған киіз басу қол өнері соңғы он жылда сән индустриясында өрлеп келеді. Ескі технология бойынша дайындалған киіз қазіргі заманғы машиналарда да жылытқыш ретінде ғана емес, сонымен қатар аяқ киімді дайындау кезінде және киімді тігу кезінде қолданыс тауып отыр. Кәсіби дизайнерлер оны декор элементі ретінде және киімде, интерьерде «ең қызық бөлігі» ретінде қолданады. Жүн материал ретінде өте илемді және жалпақ және көлемді пішіндер секілді кез келген пішіндерді жасауға мүмкіндік береді. Табиғи жүн қойдан, ешкіден және түйе жүнінен алынады. Жүн талшықтарын қалыңдығына қарай жіңішке, жартылай жіңішке және қалың болып бөлінеді. Талшық жіңішке болған сайын, дайын бұйым нәзіктеу және жіңішке болып шығады. Қалың жүнді аяқ киім, үстіңгі киімдерді және сөмкелерді дайындау үшін, ал жіңішкені моншақтар, шарфтарды және жеңіл киімдерді дайындағанда қолданады. Жүнді басу талшықтардың өзіндік құрылымында бар қабыршықтардың өзара ілінсуінің есебінен болады. Табиғи жүнді басу екі әдіс арқылы жүзеге асыруға болады, яғни ылғалды және құрғақ әдістер. Құрғақ киіз басу – арнайы инелердің көмегімен жүн түйіршіктерін нығыздау.

Инелерде арнайы керткітері болады, олардың көмегімен жүн талшықтарын іледі, араластырады, шырмап тастайды. Бұл керткітер шаншуға қарама-қарсы бағытта орналасқан, бұл иненің көмегімен жүннен оңай алып шығуға болады. Бұл әдіс фильцтеу деп аталады. Губкада орналасқан жүнге арнайы инелерді тығып, бұрып және айналдырып жүн кесегінің керекті пішінін алады. Егер инені бір орынға көпрет тықса, онда жүннің нығыздалуын және ойысты болуына қол жеткізуге болады. Ине нөмері оның қалыңдығын көрсетеді. Нөмер үлкен болғаннан, ине жіңішке және керткітер аз болады. Ине қалың болғаннан, фильцтеу тез болады, бұйымда қалдыратын саңылаулар көп болады. Көлемді киіз басу үшін инелер суарылған болаттан дайындалады. Сондықтан олар едәуір иілгіштікке ие болады және жұмыс кезінде майыспайды.

Ылғалды киіз басудың классикалық техникасы бірнеше факторлардың, яғни жүн, су, сабын және екі қолдың болуын айтады. Таңдалған түсті құрғақ жүнді үстелдің үстіне жазып қояды, әртүрлі жүнді суретті үстіне қойғаннан кейін сабынды сумен суландырамыз және жүннің талшықтары бір-бірімен біріккенге дейін әртүрлі бағытта қолмен ысқылаймыз. Киіз басудың ылғалды әдісі кезінде сабынды судың әсерінен талшықтар ұзартылады және

тегістеледі. Бұйымды кептіру кезінде талшықтар бастапқы күйге келуге тырысады, мұндай талшықтардың кішіректері 30%-ға дейін барады. Сондықтан ылғалды басу кезінде дайындалған бұйымның өлшемдерін алдын ала жоспарлау керек, яғни бұйымның өлшемі 1,5 немесе 2 есе болуы керек. Жүн – ұйысуға бейім бірден-бір талшық. Ол ылғал мен температура әсерінен және механикалық әрекет нәтижесінде ширайды да, жасалып жатқан бұйымның көлемі кішірейіп, тығыздығы артады: шұға 30 – 35%, киіз бен байпақ 80%-дай шуиды. Киіз Басудағы ең жоғары тығыздық 0,55 г/см3 (байпақтың табаны 0,42 г/см3), тығыздығын бұдан әрі арттырса, жүн талшықтары үзіліп, материал ыдырай бастайды. Сабынды суды жылы сумен шаю, қатты сықпай кептіру керек.

III. Инструктаж.

Инелермен жұмыс істеу кезіндегі техника қауіпсіздік ережелері .

Жұмыс барысы кезінде қолды жарақаттап алмау үшін үстелде отырған қалыпта жұмыс істеу керек. Аяқтар еденге тіреліп тұруы керек, ал дене тіке немесе алдыға қарай иіліп тұруы керек.

Инелердің дұрыстығын қадағалап тұру керек. Киіз басу үшін бекітілмеген инелермен жұмыс істеуге болмайды. Себебі киіз басу үшін арналған инелер өте сынғақ болып келеді. Сонымен қатар инелермен жұмыс істеу кезінде киіз басу үшін тағайындалмаған қатты бетпен жанаспау керектігін де қадағалау керек. Егерде жұмыс барысында инелер сынататын болса, онда оларды тез уақытта абайлап алып тастау керек .

IV. Практикалық жұмыс.

Жүннен тоқылған кескіндемелердің техникасы тек қана жаңа емес, ол техника қызықты, әрі өте әдемі болып табылады. Тұтылмаған жүннен суреттерді дайындау уақыттық және қаржылық шығындарды қажет етпейтін өте қызықты, әрі жағымды сабақ болып табылады. Дегенмен кез келген қолөнер секілді шыдамдылықты және тәжірибені қажет етеді. Ең бастысы шыдамдылық және керемет материалмен жұмыс істеу тілегі. Жүннен тоқылған кескіндемелердің тағы бір кереметтілігі оны меңгеру үшін сурет салу қажет емес. Суреттер алуан түрлі бола алады, мысалы гүлдер мен жемістерден адамдардың портреттеріне дейін. Ереже бойынша суреттер үлгі бойынша дайындалады, бұл жүннен алдын ала дайындалған сурет немесе кез келген сурет, сонымен қатар фотосурет болуы мүмкін.

Ұсынылған суреттер маталы бетке әртүрлі түсті жүндерді қою әдісімен дайындалған. Сіз жұмысыңызды аяқтасаңыз, онда суретке тек қана әйнек қойылады және рамкаға салынады. Міне осылай жүннен дайындалған сурет дайын болады.

Жүннен жасалған қолөнер техникасы келесіден тұрады (нұсқау картамен жұмыс)

№	Сипаттамалары	Бейнеленуі
1	Суретті таңдау. Керек заттар: рамка әйнекпен, түрлі түсті жүндер, негіз ретінде фланель немесе ақ зонты матаны алуға болады	
2	Маталы түкті негіз рамканың форматы бойынша кесіліп алынады	
3	Оның үстіне жүннің қабақтары жазылып қойылады. Ең алдымен артқы планы қойылады. Жүнді талшықтармен орташа бірдей қалыңдықпен жүннен алып, тесіктер көрінбейтіндей қалып жазып қоямыз. Ең алдымен жүнді тігінен қоямыз	
4	Ары қарай жүннің екінші қабатын көлденең жазып қоямыз. Үшінші қабыт бірінші қабыт секілді тігінен жазып қоямыз.	



5	Ал енді суретті қоюға кірісеміз. Өртүрлі техниканы колдануға болады: жүнді бұрау, жүнді кию	
	Дайын жұмысты әйнекпен жабады және рамкаға салынады	

V. Сабақты қорытындылау

VI. Оқушыларды бағалау

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Өтебаев Н.Н. «Сурет—бейнелеу өнерінің негізі»

2.Тәжімұратов Д. «Шебердің қолы ортақ» Қазақстан,1977ж.

3.Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері.

4.Энциклопедия

## ОҚУШЫЛАРДЫ ӨНЕРГЕ БАУЛУ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДЕ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Қарағанды облысының Ақадыр кенті С. Мұхамеджанов атындағы өнер мектебінің домбыра сыныбы мұғалімі **Утебаева Тоқыман Қонысбекқызы**  
Ақадыр өнер мектебі филиалы

Кіріспе.

Тәуелсіз елімізде табандылықпен жүзеге асырылып жатқан іргелесу саясатты қоғам өмірінің барлық саласына түбегейлі өзгерістер енгізуде. Тәуелсіз мемлекетіміздің өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі, әл-ахуалының артуын жүзеге асырудың аса маңызы құралы қоғамның барлық саласын, соның ішінде өнер саласында мәдениет пен білімді дамытуда сас маңызды рөл атқарады. Қазақстан Республикасының этникалық-мәдени білім тұжырымдамасында тәрбиенің түп мақсаты – қоғамның нарықтық қарым-қатынасқа көшуі кезеңде саяси экономикалық және рухани мұраның жетістіктерін келешек ұрпаққа қалдырудың үлкен зор. Халқының даналық мұрасын сақтаудың негізі халықтық тәрбиеде. Күнделікті өмір мен табиғаттағы әдемілікті түсіну, бақылау, пайдалану үшін балалардың сезім-түйсігі ұшқыр, ақыл-ойлы алғыр, терең білімді азамат болуы керек. Осындай ұрпақтың өмірге деген эстетикалық көзқарасы оның қызметінің барлық саласында көрініп тұрады. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», - деп, ұлы Абай айтқандай, жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беріп, жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға үлес қосатын ұстаз орны әрқашан ерекше. Сондықтан да бүгінгі өмір талабы ұстаздарға қажымай-талмай жемісті еңбек етіп, ыждағаттылықпен, шағармашылық ізденімпаздықпен жұмыс істеуді міндеттейді. Ұрпақ тәрбиесі ісіне жете көңіл бөліп, жас жеткіншектерге музыка әлемінің қыр-сырын үйретуде талапқа сай ұстаздарымыз еңбек етіп жүр.

Жас ұрпақты музыка арқыла тәрбиелеу.

Мұғалім үшін бірнеше кезеңнен тұратын ұзақ оқыту процесіне мынадай міндет қойылады. Оқушылардың музыка ұлттық қазына арқылы қызығушылығын ояту, шағармашылық қабылдау қабілетін дамытуды жүйелі түрде ұйымдастыру және халықтық мұра-орындаушылықты насихаттау. Музыкадағы оқыту мен тәрбиелеу үрдісіндегі басты мақсат-әрбір жас адамды қоғамның тірегі, рухани бай мәдениетті, эстетикалық талғамы зор, өз отанының елжанды азаматы етіп тәрбиелеу болып табылады:

а) музыканы тыңдау және ән салу, күй жыр сияқты музыкалық шығармаларын үзінділерін орындау;

ә) музыкалық шығармалардың мазмұны мен үлгісіне қатысты рөл ерекшеліктері және қазақ халқының дәстүрлі музыкалық мәдениеті туралы білім қалыптастыру;

б) ән мен кудің идеялық, эстетикалық мәнін түсіну, олардың сезім тербер дүниелі мазмұнын болжау;

в) оқу барысында еркін шығармашылық ахуал орнықтыру мақсат тұтылады. Ойдағыдай нәтижеге қол жеткізу үшін музыка мұғалімі ұдайы өзін-өзі шындап, дамытып отыруы керек, жаңаша ізденіс үстінде болуы қажет;

г) басқа пәндермен байланыс жасау, шешендік өнерін дамытуға ден қою, тіл ұстарту мәселесіне көңіл бөлінеді «Әлемнің басты өлшеушісі - ол Адам». ХХІ ғасыр табалдырыған аттау сәтенде тұрып, жан-жақты дамыған қоғам ретінде адамгершкілік қасиетін жоғары сақтауды талап етеді. Көпқырлы қоғам бағытын жетілдіру процесінде, ой-өрісі жоғары, мәдени тәрбиелі, сезінуі, эмоциялылығы, өмірдің бағасын сезіне, болжай білуіне үйретеді.

Бірінші тарау оқушылардың музыкалық мәдениетін қалыптастыру, шығармашылық қабілеті дамыту қарастырылады. Екінші тарауында теория мен дамыту қарастырылады. Оқушылардың жеке музыкалық дамуын бақылау, олардың өнер жолында ең жақсы дәрежеде өсуін қамтамасыз етуде мүмкіндік туғызады. Бұл мәселелерді көптеген ғылымдарымыз зерттеді. Қазақстандағы музыкалық сын саласында әр кезеңдерде белгілі музыка танушылары - Б. Ерзакович, М. Ахметова, А. Темірбеков, Л. И. Гончаров, З. Қарақұлов және А. С. Райымбергеновтер. Музыканы қабылдау, әрине күрделі процесс, осыған орай Д. Кавалевский былай деп жазды «Музыкаға деген қызығушылығын музыкаға әуестену және оны ұнату, оның ғажайып сұлулығын түсіну үшін қажетті шарт. Сонда ол өзінің тәрбиелік және танымдық рөлін атқара алатын болады. Ал музыкаға қызықпаған, онымен айналыспаған, оны ұнатпаған адамға білім мен тәрбие беремін деу сәтсіздікке ұшыратпай қоймайды». Әрбір оқушының сана сезімі, мінез-құлқы мәдениеті, өмірге көзқарасы, музыкалық қабілеті бірдей болып келе бермейді. Олардың өзінің ерекшелігі-тәрбиесіне, шыққан ортасында да байланысты. Демек, оқытушы өзінің тәрбие жұмысында әрбір оқушыға өз алдына жеке-жеке педогогикалық тәсілдер қолданады. Болашақ маманының ең негізгі міндеті-таңдаған мамандығы бойынша теориялық білім мен тәжірибелік дығдысын ұдайы меңгеру болса, кәсіби тұрғыдан қалыптасуына педогогикалық іс-тәжірибе кезеңінің зор көмегі болады. Оқушының әсемдікпен, жақсы мен жаманды, мейірімділікті, қуаныш пен қайғыны түсініп ажырата білуіне байланысты оның эстетикалық мәдениеті мен мінез-құлқы дағдылары айқындалады.

Жаратылыстың, һәм өнерін сұлу заттары адам жанында сұлулық сезімдерін оятады. Сондықтан баланың сұлулық сезімдерін әр түрлі нәрседен оянымпаз болады. Біреудің музыкадан, сұлу суреттен, біреудің поэмадан. Тәрбиешінің міндеті балада өнердің қандай түріне ынта бар екенін тауып, сол ынтасын, түр туғызатын сұлулық сезімдерін өркендету деп А. Жұбанов айтқандай, бастауыш сынып оқушыларының эстетикалық мәдениетінің дамуы сынып жетекшілерінің және пән мұғалімдерінің шеберлігі мен тәрбие құралдары қазақ фольклор жанрларын тиімді қолдана алуына, әдіс-тәсілдеріне байланысты. Үйрету – жаттықтыру әдісінің мәні – оқушыны тындай, көре бағалай білуге және соған сәйкес белсенді іс-әрекет етуге үйрету. Қиялы, нәзік сезімі. Қазақ халқы құлақтан кіріп бойды алар әсем ән мен тәтті күйді ұнатқан. Домбыра сөйлейді, қобыз жеткізеді, сыбызғы білдіреді деген сөз тіркестері қазақ мәдениетінде кездейсоқ кездеспейді. Сабақта оқушылардың



шығармашылық қабілетін дамытуда музыка мұғалімін негізгі міндеті толықтырылған кеңейтілген бағдарлама негізінде оқу-тәрбие ұстаздың педагогикалық шеберлігін дамыту. Жас өспірімнің бойында талғампаздық эмоциялық сезімпаздық қалыптастыруында оның мәдениеті болып өсуінде музыка әлемін түсінуге мектептегі музыка тәрбиесінің алатын орны ерекше. Әр түрлі жанрлы музыкалық шығармаларды тану, музыкадағы түрлі кезеңдермен көңілді ажыратуда оқушының музыкалық шығармашылығын дамытады. Жас өспірім – тыңдаушы, орындаушы музыкаға деген өзінің ой-пікірін көрсететін оқушы. Сондықтан музыкалық шығармашылық қабілетін басты саласының бірі ол музыка арқылы тәрбие. Эстетика мен музыкалық шығармашылық қабілетін ортақ мәселесі адамның табиғат пен өмірдегі әсемдікті қабылдап бағалауға және түсінуге тәрбиелеп оқыту. Мұғалімнің міндеті оқушының жай ғана музыка икемін дамытып, оған музыка білім ғана беру емес, оған музыкаға күнделікті байланыс керектігін таныту арқылы оның шығармашылық белсенділігін арттыру. Негізгі мақсаты оқушының бойында рухани мәдениеттің аса маңызды ажырамас бөлігі. Музыкалық мәдениетті қылыптастыру арқылы шығармашылық қабілеттерін арттыту. Отанға, өз халқына деген сүйіспеншілік халық музыкасына, өз халқының рухани мәдени мұрасына, салт дәстүріне сезімдерін оятады. Әр түрлі ұлт өкілдерінің бір-біріне деген, ұлт аралық бірлікке сезімдерін ояту, оны жетілдіру. Балалардың жастайынан өнерге баулу музыкалық тәрбие арқылы жаңа тұлғаны, жаңа адамды тәрбиелеп қалыптастыру.

#### Жас ұрпақты тәрбиелеудегі ұстаздың жеке тұлғасы.

Тұлға дегеніміз адамның келешек өмірдегі жобасының келбеті. Яғни адам өз бейнесін өзі жасаушы. Тұлға-жеке адамның өзін өмірде көрсетудегі мақсатының орындалуы ғана емес, оның ерік жігерін іске асуы. Яғни өзі жөніндегі ойын еркін іске асырудың дайындығы және оны іске асырудың нәтижесі, көрінісі. Сонымен бірге, тұлға дегеніміз сезімнің, әсердің, ішкі күйінің-сүйіністің бойға жинақталған көрінісі. Тұлғаның құрылымдық компоненттері үш бөліктен тұрады. Біріншіден оның ақыл-ойын дамыту ақылы санасын жетілдіру, екіншіден адамзаттық өркениетті тұлғаның бойына біртіндеп сіңіру, үшіншіден жеке тұлғаны іс-әрекетке ендіру арқылы өзін-өзі тәрбиелеуге белсене қатыстыру. Тұлғаны тәрбиелеп жетілдіруде осы үш компонент органикалық бірлікте қызмет етеді. Баланың тұлғасын жан-жақты дамытуды қаншалықты ерте бастау керек. Туған күннен-ақ бастап, балаларға әр түрлі жағдайлар әсер етеді. Үй тұрмысы, үлкендердің сөзі, қарапайым барлық өлеңдер, теледидар бағдарламалары және тағы да басқа әр түрлі жағдайлар баланың білімі мен сезіміне жастайынан айрықша әсер етеді. Үлкендердің сөйлегендері баланың тұлғасына тек жағымды әсер еткен жағдай қазіргі уақытта қол жетпейтін арман. Сондықтан да әрбір мектеп баланың сана сезімін байыту мақсатымен өнер мектебіне кешіктімей беру керек. Кейбір кезде балалар музыкалық білімді алмай брлық пәндерден өте төмен балды алып жүрген жағдайлар да аз емес. Оқушыларға өнер саласын ашқаннан кейін баланың дамуына үлкен әсер етеді музыкалық тәрбиені беру үшін алдымен оның мақсаты мен мүмкіндіктерін айқындап алу қажет. Музыка ең алдымен эмоционалдық күш береді. Екіншіден музыкалық тәрбиенің негізі – ақыл-ойды ғылымның көмегімен жетілдіру. Үшіншіден бұл ұл эмоционалдық тәрбие. Ең алдымен балалардың қазағушылықтарын ескеріп, мектепте және оны бітіргеннен кейін толық музыкалық білімді алуды қамтамасыз ету керек. Әрбір әдістің негізі музыканың теориясы емес, практикалық жұмыстарына қарайды. Балалар музыкаға қызығып кеткеннен кейін ол туралы көбірек білгісі келді: музыкалық ноталардың белгілерін жазып үйрену, оларды әнге ауыстыру және тағы басқа. Өнерге қызыққан бала кейін музыкалық теорияны да оқуға талпынады. Музыкалық практика тек қана өлең айтуға ғана емес аспапта ойнаумен шектелмейді, сонымен бірге әнді тыңдауда практиканы құрайды. Әндер жеңіл, аспаптар-элементарлы, ал әуендер қарапайым болуы мүмкін бірақ қаншалықты құралдар мен материалдар жеңіл болғанымен, олардың көркемдік сапасы жоғарғы сатыда болуы ықтимал. Әрине дамудың ең бірінші сатысында музыкаға деген

сүйіспеншілік фундаменті қаланады келесі сатыда балалар менгерген білімін музыканы тереңдетіп тануға ынталы келеді. Міне осы уақытта баланың әр түрлі кезеңдегі, оның бағыттары мен стильдерімен таныстыру қажет. Сондай-ақ классикалық шығармаларымен қатар жаңа заман шығармаларын беру қажеттілігін ұмытпау керек.

#### Қорытынды.

Тұлғаны тәрбиелеу – бұл қарым-қатынастың барлық түрлерін сатылы әрі үздіксіз дайыдау және іске асыру деген сөз. Бұның нәтижесінде тұлға қоғамдық және мектеп құндылықтарын, нормаларды, ұйымдастырушылық қабілетін және т.б. игереді. Білім беру және тәрбиелеу процесі кезінде тұлғаның әлеуметтендірілуін қамтамасыздандыру қажет. Бұл жаңа ашылыстарды игеруді өзіндік күн көруді үйренуді мәдениеттің минимумдық негізін салуды білдіреді. Музыка туралы білім біздің заманымызда күннен күнге үлкен роль атқарады. Оқушылармен тәжірибе жүзінде мынындай-жас таланттарды жеке тұлға етіп дамытып, үлкен жетістіктерге жеткіздім. Суретте менің шәккіртерім: облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі күйші лауреаттар.





## ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

«Қосымша білім және тәрбие» педагогтерге арналған республикалық оқу-әдістемелік журналы бүгінгі таңда еліміздегі балаларға арналған қосымша білім беру жүйесінде жалғыз республикалық басылым болып табылады.

«Қосымша білім және тәрбие» журналының мерзімдік шығарылымы: 1 жылда 4 рет қазақ және орыс тілдерінде.

Журналда оқу-тәрбие үдерісіндегі инновациялар мен инновациялық технологиялар жөнінде мақалалар және тағы басқа материалдар жарияланады. Біздің журналымыздың оқырмандары – жалпы орта, қосымша (оқушылар үйі, сарайы, балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығы; жас натуралистер, туристер, техниктер станциялары; балалар өнер мектебі, балалар музыка мектебі, балалар көркемөнер мектебі; балалар аула клубы және т.б.), кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарының, балалардың қоғамдық ұйымдарының педагогикалық қызметкерлері.

Журнал редакциясының келісімі бойынша Сіз ұйымның қызметі туралы және мерейтойлық материалдарды жариялай аласыз.

Сіз толық ақпаратты 8 (7172) 64-27-31 телефоны немесе e-mail: k.jurnal@mail.ru арқылы біле аласыз

## УВАЖАЕМЫЕ КОЛЛЕГИ!

Республиканский учебно-методический журнал «Қосымша білім және тәрбие» для педагогов на сегодняшний день является единственным республиканским изданием в системе дополнительного образования детей в Казахстане.

Периодический выпуск «Қосымша білім және тәрбие»: 4 раза в год на казахском и русском языках.

В журнале публикуются статьи об инновациях и инновационных технологиях в учебно-воспитательном процессе и другие материалы.

Читатели нашего журнала – педагогические работники организаций общего среднего, дополнительного образования детей (дворец, дом школьников, центр детского и юношеского творчества; станции юных натуралистов, туристов, техников; детская школа искусств, детская музыкальная школа, детская художественная школа; детский дворовый клуб и др.), технического и профессионального образования, детских общественных организаций.

По согласованию с редакцией журнала Вы можете опубликовать юбилейные материалы и о деятельности организации.

Более подробную информацию Вы можете получить по телефону: 8 (7172) 64-27-31 или e-mail: k.jurnal@mail.ru